Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанты Умбетов Мадияр Нурдавлетұлының 6D030100-«Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстан Республикасындағы адвокат-қорғаушының құқықтық мәртебесінің реттелуі мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысына ғылыми кеңесші, (PhD) қауымдастырылған профессор Е.Т.Нұрмағанбеттің

ПІКІРІ

Ұсынылған зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасындағы адвокаттардың құқықтық мәртебесінің құқықтық реттелу мәселелеріне арналған.Оның ішінде адвокат-қорғаушының құқықтық мәртебесі жіте қарастырылған.

Конституциялық кепілдіктерді толық жүзеге асыру үшін құқық қорғау органдары жұмысының нышаны мен тәсілдерін демократия ағымына икемдеу, болашақ заңгерлерді оқыту мен тәрбиелеудің сапасын көтеру қажет. Мемлекеттік органдардың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауы және қорғауы белгілі бір дәрежеде азаматтар мен ұйымдарға кәсіби заң көмегін көрсетуді жүзеге асыратын тұлғалар қызметінің негізгі принциптерін анықтайтын адвокатура сияқты қоғами-құқықтық институтпен де тығыз байланысты.

Бұл адвокаттардың құқықтық жағдайы мәселесі бүгінгі күні құқық жүйесіндегі өзекті тақырыптың бірі болып отыр. Адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтары жоғары құндылық деп жариялаған 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасы Конституциясы талаптарына сәйкес 2018 жылы 5- шілдеде Қазақстан Республикасының "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Заңы қабылданды. Осы заң адвокатура институтының рөлін айтарлықтай көтерді, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғауға жәрдемдесті, сол арқылы жалпы заңдылықтың сақталу мен нығаюына ықпал етті. Сонымен қатар, бұл жаңа заң демократиялық, құқықтық мемлекетті құру және нарықты экономиканың тереңдеу жағдайында адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметін реттеуге орайластырылды.

Зерттеу жұмысының мазмұны, орындалу сапасы және қол жеткізілген нәтижелеріне қарап, оның ереже талаптарына сай жүргізілгендігі жөнінде айтуға толық негіз бар.

Докторант диссертацияның алға қойылған мақсаты мен міндеттерін қисынды түрде бір-бірімен сабақтастыра отырып, жұмыстың мазмұнын толық ашып көрсете білген. Қолданылған дереккөздері мен іргелі ғылыми еңбектерге сүйене отырып, жаңа көзқараспен өз ойларын дәйектеуі зерттеу жұмысының ғылыми құндылығын арттыра түседі. Сондай-ақ, адвокат-қорғаушының құқықтық мәртебесін жетілдіруге байланысты шетелдік

тәжірибеге сүйене отырып, салыстырмалы тәсілмен жасаған қорытындылары көңілге қонымды.

Диссертация адвокаттың құқық қорғау қызметінде құқықтары мен міндеттерін кеңейтуге мән беретін өзінше дербес зерттеу болып табылады.Зерттеу нәтижесінде келесідей жаңалықтарын атап өтуге болады:

заңдардың бұзылуына байланысты адвокаттың адам мен азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, олардың атынан жүзеге асыру кезінде өкілдік ету жөніндегі қызметті атқаратын жалғыз кәсіби тұлға екендігін нақтылап көрсетілген;

- заңдардың бұзылуына байланысты қаралатын қылмыстық істерге адвокаттың қатысуының алғышарттарын анықталған;

- адвокат-қорғаушы қорғалушының қатысуымен тергеу әрекеттеріне қатысуға рұқсат беруге өтініш білдіру жолдары қарастырылған;

- қылмыстық іс бойынша сезікті мен айыпталушыны тергеу кезінде қорғаушылардың неғұрлым жоғары белсенділігін арттыру жолдары қарастырылған;

- адвокат-қорғаушылардың алдын-ала тергеуде сараптамалық қортындылар беру үрдісіндегі рөлін арттыру мәселелері негізделген;

Диссертациялық зерттеуде алынған нәтижелер мен қорытындылар жалпы алғанда жүйелілігі және логикалық қисынды құрылымымен сипатталады. Сонымен қатар, көп көлемдегі нормативтік құқықтық актілер талданған. Қылмыстық процесте екі жақ та сотқа айыптау және ақтау дәлелдемелер жиынтығымен, тең болып келуі керек. Қолданыстағы заңға сәйкес қорғаушы тарапына қарағанда, сотқа дейінгі сатыда дәлелдемелер жинаған айыптаушының қолында көбірек материал болады. Нәтижесінде сотта қорғаушының рөлі көбінесе тергеушінің жұмысындағы кемшіліктерді іздеумен ғана болады. Көп уақытты сол алады. Квалификациялық құқықтық көмек мәселелері бойынша құқықтық тұрғыда дәлелдемелер жинау жөніндегі адвокаттың өкілеттігіне қатысты бірқатар кепілдіктер енгізілу қажет.Осы тұрғыдағы докторанттың ұсыныстарының да тәжірибелік маңызы зор.

Қазіргі кезде өзінің орны мен рөліне байланысты адвокатура, соның ішінде адвокаттардың құқықтық мәртебесі қоғам мен мемлекет тарапынан кеңінен назар аударуды талап етеді. Себебі, заңның өзі адвокаттан заң көмегін көрсетуді сұрап, жүгінген тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін заңда көрсетілген құралдар мен барлық әдістерді пайдаланып, жан-жақты, толық, объективті және білікті заң көмегін көрсетуді талап етеді. Осы талаптарды орындау үшін мемлекет өз тарапынан барынша жағдай жасағаны жөн.

Адвокатураның әртүрлі мемлекеттік-құқықтық жүйелердегі адвокатура ның ұғымын, мәнін және міндеттерін анықтау түрлі демократиялық мемлекет тердің қолданыстағы заңнамасының оңтайлылығы туралы және кейбір шетелдік құқық нормаларын біздің еліміздің құқықтық дәстүрінің ерекшеліктерін есепке ала отырып қазақстандық сот ісін жүргізуде қолдануға болады деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік емес құқықтық институт болып табылатын адвокатура елдің құқық қорғау жүйесінде маңызды роль атқарады, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғау, білікті заң көмегін алу құқығын жүзеге асыруға ықпал етеді. Қазақстандық адвокатураның құқық қорғау қызметін ұйымдастыру деңгейін арттыру мақсатында Заңда көзделген адвокаттық қызметтің кепілдіктері шеңберін айтарлықтай кеңейту керек.

Осы тұрғыда да зерттеудің тәжірибелік мәнін атап өту қажет.

Докторлық диссертация қойылатын талаптарға толық сай келеді. Ғылыми жаңалығы мен қорытындылары дәлелді, қорғауға ұсынатын тұжырымдары да негізді, әрі дәйекті. Ізденушінің пікірлері мен ұсыныстарының қолданбалық маңызы жоғары.

Докторант Умбетов Мадияр Нурдавлетұлының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған **«Қазақстан Республикасындағы адвокат-қорғаушының құқықтық мәртебесінің реттелуі мәселелері»** тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы қойылатын талап, ережелерге сай орындалған және 6D030100–«Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
PhD, қауымдастырылған
профессор **Нұрмағанбет Е.Т.**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанты Умбетов Мадияр Нурдавлетұлының 6D030100-«Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстан Республикасындағы адвокат-қорғаушының құқықтық мәртебесінің реттелуі мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысына ғылыми кеңесші, заң ғылымдарының кандидаты, (PhD) қауымдастырылған профессор Қ.Т. Битемировтың

ПІКІРІ

Докторант Умбетов Мадияр Нурдавлетұлының «Қазақстан Республикасындағы адвокат-қорғаушының құқықтық мәртебесінің реттелуі мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы өте өзекті мәселелердің біріне арналған. Диссертациялық зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасындағы адвокат мәртебесі мен қылмыстық процесс барысындағы адвокат-қорғаушының құқықтық жағдайының мәселелері кешенді түрде зерттеледі. Біздің елімізде соңғы кездері жиі қозғалып жүрген мәселе адвокат мәртебесін көтеру, соның ішінде қылмыстық процесстегі теңдікті қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтарын қорғау саласындағы қызметті жетілдіру мен оның сапасын арттыру мәселелерінің кешенді зерттелуі тақырыбтың өзектілігін көрсетеді. Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігіне арқау болатын бір жағдай демократиялық және құқықтық мемлекеттің өз болмысының негізі адам мен азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерінің басқа (оның ішінде мемлекеттік) мүдделер алдындағы басымдылығы және оны қорғау жөніндегі шаралар болып табылады, сондай-ақ бұл мәселелерді тыңғылықты шешуге айтарлықтай атсалысатын қызмет адвокатура құзырының аясында болып отыр.

Диссертациялық жұмыс тақырыбы, өзектілігі және мазмұнының нақтылығымен ерекшеленетіндігін айтқым келеді. Жұмыстың мақсаттары мен міндеттері, хронологиялық шегі мен географиялық ауқымы да тақырыптың біртұтастығына қызмет етеді. Диссертациялық жұмыстың мазмұнының жинақылығы мен бағыттылығына негіз болған осы жағдайлар тақырыптың сәтті ашылуына мүмкіндік берген. Докторант осы тақырыпқа үлкен дайындықпен келгенін көрсетті.

Докторант Умбетов Мадияр Нурдавлетұлы диссертациялық жұмысты дайындау барысында өзінің теориялық тұрғыда жоғары дайындығы мен білімділігін көрсете білген. Жұмысты жазу барысында көп ізденгенін, өте кең ауқымда әдебиеттер мен нормативтік құқықтық актілерді пайдаланғанын атап өтуге болады.

Зерттеуде білікті заң көмегін алу шарттары, оның ішінде адвокаттың процессуалдық мәртебесі, адвокаттық қызметті жүзеге асырудың қағидалары

зерттеледі, сонымен қатар, нақты адвокат-қорғаушының құқықтық жағдайы мен өкілеттіктерінің мәселелері қарастырылады.

Қылмыстық сот ісін қарауда ақиқатқа жету адвокат – қорғаушының белсенділігіне байланысты. Сол үшін ғылыми негізделген тактикалық ұсынымның болуы адвокат-қорғаушының қылмыстық іс бойынша қорғауды анағұрлым мақсатты және жете түсінушілікпен жүргізуіне мүмкіндік туғызады. Сондықтан зерттеу жұмысының маңызды және құнды екені теориялық, әрі практикалық тұрғыдан айқын байқалады. Зерттеу нысаны ретінде адвокат-қорғаушының құқықтық жағдайы алына отырып, қорғау мен айыптау арасындағы теңдіктің қалыптасуына аса көңіл бөлінген.

Диссертацияда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы зерттеле келе, заңнамадағы кемшін тұстар анықталып, оларды түзеу мақсатында нақты ұсыныстар жасалған. Заңдардың бұзылуына байланысты қылмыстық, азаматтық істердің қозғалуында, алдын-ала тергелуінде, басты сот талқылауында адвокаттың қатысуы адам мен азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен заңды мүдделері үшін өкілдік етуге кепіл болуы тиіс және мұндай қатынастарды шешу барысында адвокаттың рөлі нормативтік құқықтық актілермен тиісінше көрініс табуы керек. Соңғы кездері қылмыстық іс жүргізуге адвокаттың қатысуы керек екендігі жөніндегі қызығушылық пен қажеттілік өте күшейген.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасында «Қылмыстық сот ісін жүргізудегі қылмыстық саясат ізгілігі үрдісінің көрінісі мыналар болып табылатындығы белгіленген (өзгелердің арасында) жәбірленушінің, соның ішінде мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін кеңейту іс жүргізуге қылмыстық процестің негізгі басымдықтарының бірі болуға тиіс. Осы мақсатта адвокаттар мен азаматтардың сот төрелігінің тиісті сатыларына қатысуының нақты тетігін қамтамасыз ететін нормаларды қарастыру қажет» делінген болатын. Осы бағытта елімізде біршама іс-әрекеттер жасалып жатыр, бірақ көңіл толарлықтай емес.

Жұмыстың тағы бір оңтайлы тұсы бүгінгі таңдағы адвокат мәртебесіне қатысты заңнамадағы олқылықтардың орнын толтыру жолдарының қарастырылуы,соның ішінде қорғау мен айыптаудың теңдігін қалыптастыруға бағытталған ұсыныстар орынды деп есептеймін.Адвокат қорғаушының тиісті дәрежеде өз қызметін жүзеге асыруы сот төрелігінің де сапасына тікелей әсер ететінін ескерсек, сот процессіндегі оның мәртебесі және оның тиісінше заңда бекітілуі өте маңызды құқықтық мәселе.

Зерттеу жұмысында адам мен азаматтың құқығына мемлекет тарапынан жаңаша көзқарас орнығуы және заңдардың бұзылуына байланысты қылмыстық істер бойынша жәбірленушінің құқығы мен заңды мүддесін қалпына келтіру негізінде адвокат арқылы өкілдік ету тетіктерінің қалыптасуына байланысты мән-жайлардан туындайтын сан-сапа жөніндегі мәселелер түбегейлі қарастырылып, сындарлы ғылыми тұжырымдамалар жасалған. Автордың осы тақырып бойынша Қазақстанда және шетелдік ғылыми басылымдарда жариялаған еңбектері оның құзыреттілігін дәлелдейді.

Докторант Умбетов Мадияр Нурдавлетұлының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған **«Қазақстан Республикасындағы адвокат-қорғаушының құқықтық мәртебесінің реттелуі мәселелері»** тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы қойылатын талап, ережелерге сай орындалған және 6D030100–«Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
з.ғ.к., (PhD) қауым.
профессор **Қ.Т. Битемиров**

РАСТАЙМЫН:
Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Адам ресурстарын басқару
Бөлімінің бастығы

Адам ресурстарын басқару бөлімі